

АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№39(49) 27 қыркүйек 2024 жыл

ҚУТТЫҚТАУ

Мерекелеріңізбен, қариялар!

**Құрметті қазыналы қариялар!
Ардақты ақ жаулықты аналар!**

Сіздерді «1 қазан – Халықаралық қарттар күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

«Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деп өсиет еткен қазақ-қашан да қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде әр шаңырақта ақылын айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, шүпірлеген немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі-бір ғанибет. Жастары егде тартқан шақта қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп, жетілдірген ұл-қыздары қас-қабағына қарап отырса, еңбектерінің ақталғаны емес пе!? Қарияларымыздың «Жасымда бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деуінің мәні де осында.

Расында, ардагерлер – еліміздің алтын қоры. Тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы біз үшін аса құнды. Сондықтан халқымыз ертеден-ақ үлкенге құрмет көрсетуді өсиет етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа, үйлесімге ерекше мән берген.

«Ата қайратты болса, бала ғибратты болады» деген ғибратты сөз бекер айтылмаса керек. Сіздер сабырлылық, қарапайымдылық қасиеттеріңізбен біздерді мейірімділік пен еңбексүйгіштікке, Отанға, отбасына деген адалдыққа және абыройлы болуға тәрбиелеп келесіздер.

Құрметті абзал ардагер ағалар, Қадірлі асыл аналар!

Сіздердің әрбіріңіздің жүріп өткен жолдарыңыз, еткен еңбектеріңіз – ұрпақ үшін үлгі-өнеге.

Ақылы дария, білімі теңіз, өмірлік тәжірибесі мол сіздерден тәлім-тәрбие алған іні-қарындастарыңыз өздеріңіз бастаған игілікті істерді жалғастыруда.

Халық арасында аузы дуалы, әңгімесі бәтуалы өздеріңіздей ақсақалдардың барында ел ішінде алауыздықтың орын алмайтыны, жастарымыз жөнсіз кетпейтіні белгілі.

Құрметті ардагерлер!

Бірлік пен бауырмалдықты, ынтымақсуды, отанды сүю сыйды құнды қасиеттерді біз Сіздерден үйрендік. Сондықтан да қазыналы қарттарымызға әрдайым қамқорлық жасау біздің басты парызымыз болып саналады.

Бүгінде еліміз экономикасы дамудың даңғыл жолын ұстанған қуатты мемлекетке айналды. Тәуелсіз еліміздің жас буынын тәрбиелеуде әлі де біздерге жол көрсетіп, үлкендік кеңестеріңізді береді деген сенімдемін.

Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға бақ-береке, ырыс-несібе тілеймін! Қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын!

**Ізгі ниетпен, Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.**

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Қазақстанға төрт елдің әскери контингенті келеді

Алматы облысында төрт мемлекеттің әскерилері оқу-жаттығу өткізеді деп хабарлайды қорғаныс министрлігі.



26 қыркүйек пен 7 қазан аралығында Алматы облысының «Жағалау» оқу полигоны базасында ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің «Мызғымас бауырластық-2024» командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтеді.

«Оқу-жауынгерлік тапсырмаларды пысықтау мақсатында оқу-жаттығу өтетін жерге 18 қыркүйектен бастап Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның әскери контингенттері аралас тәсілмен келе бастайды. Әскери қызметшілер Алматы және Жетісу облыстарының аумағымен темір жол және автомобиль көліктерімен қозғалады», - деп хабарлайды ведомство.

В Алматинской области сотни компаний не перечислили пенсионные своим сотрудникам

718 компаний в Алматинской области задолжали пенсионные отчисления 12 тысячам сотрудников. Нарушения выявили прокуроры в ходе анализа соблюдения новых положений Социального кодекса, - передает Almaty.tv.



Согласно документу, с января этого года работодатели обязаны дополнительно вносить 1,5% от доходов сотрудников в Пенсионный фонд. Несмотря на то, что новые правила должны были стать обязательными для всех, многие компании просто не были осведомлены о данном изменении.

- В результате принятых мер компании получили уведомления, пенсионные права работников были восстановлены. В настоящее время в Пенсионный фонд работодателями уплачено более 120 млн тенге, - сказала помощник прокурора Алматинской области Аида Иманалиева.

Алматы облысында оқушылар көрші ауылдың мектебінде оқып жүр

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Ащыбұлақ ауылының оқушылары көрші ауылдың мектебінде барып оқып жүр. Өйткені мектептегі күрделі жөндеу жұмыстары бітпеген деп хабарлайды Sputnik.



Алматыдан 100 шақырымдай жерде орналасқан Ащыбұлақ ауылының мектебі 1978 жылы салынған. Содан бері ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалып келген, бірақ күрделі жөндеу көрмеген. 45 жылда бірінші рет күрделі жөндеу жасалып жатыр.

«Шілде айында «Капитал Строй Сервис Групп» ЖШС-мен келісім шарт бекітіліп, бүгінгі күні күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, желтоқсан айында аяқталады деп жоспарланған. Қазіргі күні бұл мектептің 644 оқушысы 4 шақырым жердегі Қазақстан ауылындағы Ж.Қайыпов атындағы орта мектепте оқып жатыр. I ауысымда 334 оқушы, II ауысымда 310 оқушы. Тасымалдаушы «Ақ жол Агротранс» ЖШС 55 орындық екі автобус бөлді», - дейді Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімі.

Пленум отырысы

ҮШ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Таяуда облыс орталығы Қонаев қаласында Алматы облыстық ардагерлер ұйымы пленумының кезекті отырысы болып өтті. Ол шараға облыстық ардагерлер ұйымы пленумының мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Пленум отырысының күн тәртібіне үш мәселе қойылды.

Отырыстың модераторы болған облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Алатау жастары» бірлестігінің атқарған жұмыстары туралы хабарлама жасады.

Ол өз сөзін жақында құрылған Алатау қаласы ардагерлер ұйымының алғашқы отырысында «Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігі» Алатау қаласының филиалы және оның кеңес құрамы құрылғандығын, оның төрағасы болып бірауыздан Асқар Махмұдұлы Юсупов сайланғанын, сол сияқты өз өтініші бойынша өтініш берген Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді



уде. Біз мүмкіндігінше жастар арасында атқарылып жатқан істерді газет арқылы, әлеуметтік желі арқылы ортаға салып жатырмыз, - деп бастады ол өз сөзін. - Бірлестіктің аудандардағы филиалдарына келсек, Ұйғыр, Қарасай, Талғар аудандарында жұмыс жақсы жүреді. «Көш жүре түзеледі» дегендей, жасыратыны жоқ, кей

лып тұр. Соған ардагерлер ұйымының басында отырған төрағалардың атсалысуын сұраймын. Біздің мақсат-жастардың басын қосу. Осы мақсатпен де облыстық спорт басқармасына, облыс әкіміне барып жүріп, «Алатау жастарының» футбол лигасын құрдық. Ондағы ойымыз-жастар топтасқан жерде олармен жұмыс істеудің тиімділігін ескеру. Жарысқа қатысқан жастарымыз шара біткен соң тарап, жок болып кетпеуі керек. Олар үнемі жастар тірлігінің ортасында жүруі тиіс.

Кейбір аудандарда бұл бағыттағы шаралар жақсы басталды. Мысал ретінде айтатын, Іле ауданында Алматы облысының кубогы үшін үлкен футбол додасы өтті. Содан кейін аудандарда жалғасты. Бұл жерде де біраз түсінбеушіліктер болып жатыр. Спорт басында отырғандар бұл жарыстарды қысқа мерзім ішінде өтетін шара деп қабылдауда. Негізі, ол көктемнен бастап күзге дейін әр ауданда арнайы график негізінде жүріп жатуы керек.

Бүгін аудандардан біраз төрағалар өздерінде жастар арасында жүргізіліп жатқан тірліктері туралы мәліметтерін алып келген екен. Оларды қараймыз. Мүмкіндіктеріңіз болып жатса, осы басқосудан кейін жастардың басын қосып, оларды өзімізге тартып, жұмыс жүрмей жатқан жерлердің басшыларын ауыстыру керек болса, оны қарап, жалпы жастар арасындағы жұмысты жандандыруларыңызды сұраймын. Қонаев қаласы мен Алатау қаласында жастар ұйымын қайта құруымыз керек. Жастармен қайтадан кездесуіміз керек. Біз осы мәселеге қайта оралатын боламыз.

Жергілікті жерлерде жастар ресурсы орталықтары бар. Солармен қатар жұмыс істеуде бәсекелестік пе, басқа ма, арада түсінбеушіліктер болған секілді. Аражігін ажыратып алу үшін жұмыс істейтін ортаны заңды түрде тіркеуден өткізіп, кім не үшін жауап беретінін анықтап алуымыз керек сияқты. Басында біздің жастарымызды жастар ресурсы орталығына қосу жөнінде әңгіме болған. Алайда, республикада сөз болғанындай, неғұрлым жастар ұйымдары көп болса, жастардың жұмысы соғұрлым дамитыны ескеріліп, дербес өзіміздің жастар ұйымдарымызды ашып жатқан жағдайымыз бар. Енді біздер, ардагерлер мүмкіндік болғанша жергілікті жерлердегі жастар ұйымдары өз жұмыстарын дербес жүргізетіндей, тендерлерге қатысып, өз қаражаттарын өздері таба алатындай жағдайды қалыптастыруымыз қажет-ақ. Жастар белсенділігін арттырудың бірден бір жолы-олардың жұмыс істеуіне жағдай жасап, жолдарын ашып беру.

(Жалғасы 2-бетте)



Беспасевтың демалысқа кетуіне орай, оның орнына Базарбай Оралбаев төраға болып сайланғанын айтып, оларды пленум мүшелерімен таныстырудан бастады.

Одан кейін «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің бүгінгі тыныс-тірлігіне қарай ойысты. - «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің жұмысы жалпы алғанда жаман емес. Жүріп жатыр. Олар қоғамдық жұмыстарға тартылып, жұмыс істе-

аудандарда жұмыс әлі де баяу, белсенділіктері байқалмай жатыр. Қонаев қаласында жұмыс алғашқыда жақсы басталған болатын. Қазір ол жерде жұмыс баяулап қалды. Жастар ұйымдарына жетекшілік етеді деген кейбір көшбасшыларымыз өкінішке орай өзінің маңайына жастарды топтастыра алмады. Осыны ескеріп, сараптама жасай отырып, сол аудандарда жұмысты қалыптастыру, ретке келтіру керек бо-

Творческие люди

СЦЕНА ЛЕЧИТ!

С ЭТИМ ИЗРЕЧЕНИЕМ СОГЛАСНА
Куляш ОРАЗАЛИЕВА.

Об этой женщине, признаемся, мы уже писали. Но никогда нелишне сказать доброе слово о достойных, влюбленных в свое дело людях. Это старая когорта тружеников, родившихся в трудное, послевоенное, полуголодное время. Страна только-только отходила от кровопролитной войны, унесшей миллионы человеческих жизней, где в руинах лежало 2 тысячи городов и поселков, 70 тысяч деревень и сел. Нужны были руки, чтобы восстанавливать старые и строить новые производства, дороги, жилье, сеять хлеб, выращивать скот, поднимать экономику страны.

К слову, ее отец, фронтовик, brave офицер мотострелкового полка Алим Оразалиев, можно сказать, «родился в рубашке». Прошел весь ад войны, дошел с боями до Берлина и выжил. При этом его, как талантливого командира, руководство оставило в поверженной столице Германии (где к маю 1945 года по разным оценкам проживало от 1,5 до 2 миллионов жителей) восстанавливать разрушенный бомбежками и артиллерией город. Задачей советского командования было налаживать мирную жизнь, обеспечить порядок, безопасность, организовать питание и занят работой местное население.

В родные края фронтовик, красавец Алим вернулся в 1946 году и вскоре женился на девушке по имени Бубихан, обладательнице прекрасного голоса и великолепного ораторского мастерства. От этого брака появилась на свет девочка, которую назвали Куляш.

Опуская многие детали биографии, напомним, что Куляш училась в первой, построенной до войны, талгарской средней школе №1 имени Ивана Халипова, давшей ей блестящее образование. Потом был институт иностранных языков и первая работа в качестве преподавателя востребованного в то время немецкого языка в СССР в США №103 (бывший колхоз Мичурина).

Замужество, рождение детей, вступление в партию, переезд за мужем в Туркестанскую область. Карьерная лестница: методист отдела образования, директор Талгарского городского Дома пионеров, директор Дома культуры, вновь преподаватель немецкого языка. А через какое-то время, ввиду отсутствия спроса на немецкий язык и исключения его из школьной программы, прошла переобучение на преподавателя казахского языка.

«Я была очень рада, что смогла помочь своим родным землякам, немцам-талгарцам, которым давала уроки для переезда на историческую родину и получения гражданства. Помните же первую волну переселенцев после распада СССР», - рассказывает моя собеседница.

Куляш Алимовна вспоминает, как она организовала первый хор, будучи

директором Дома пионеров. Во всесоюзной газете «Правда» ей как-то попался на глаза материал о том, что в одном из регионов СССР создали женский хор. И у нее тут же возникла идея: «А почему бы нам так же не сделать?». Этими мыслями она поделилась с первым секретарем Талгарского райкома КПСС Житниковым Владимиром Викторовичем и секретарем по идеологии Чебоковой Валентиной Алексеевной, и они дали «добро».

Первые репетиции ветеранов, народных вокалисток проходили в помещении танцевального кружка. Таким образом, март 1986 года можно считать датой создания первого хора в районе, кстати, через два - три года возник казахский ансамбль ветеранов. Талантливые творческие коллективы до сих пор много лет удивляют и радуют своих благодарных слушателей на разных сценах.

О каждом из его участников можно рассказывать часами. Вот эти люди, влюбленные в сцену: Рахимбаев Берик, Кафорова Людмила Васильевна, Екибаева Нуркамал Шоевна, Колмакова Раиса Петровна, Симицина Анна Михайловна, Винакурова Галина Николаевна, Митрофанова Людмила Дмитриевна, Жерновников Николай Иванович, Жерновникова Наталья Алексеевна, Доронина Вера Николаевна, Морозова Алла Константиновна, Лаврентьева Валентина Васильевна. И конечно, сама



руководитель ансамбля - Оразалиева Куляш Алимовна.

К слову, она же рассказала об одном уникальном случае, истории одной из первых солисток ансамбля - Щипачевой Надежды Владимировны.

Дело обстояло так. Щипачева отдала сцене, можно сказать, всю жизнь.

Но быстро пролетели годы и, к старости, она оказалась без ухода и заботы. Ни детей, ни родственников у нее не было. Государство одинокую женщину без внимания не оставило. По решению отдела соцобеспечения, пенсионерка была определена для пребывания в Доме престарелых города Капшагая.

Члены хора много лет подряд посещали с концертами это учреждение и свою подругу, солистку и землячку.

И до самого ухода из жизни Надежды Владимировны продолжали эту хорошую традицию. И, возможно, поэтому она прожила до глубокой старости - до 95 лет!

Что примечательно, до сих пор талгарцы не прерывают культурных, дружеских связей, посещая с концертами Дом престарелых, ныне уже областного центра Қонаева.

Куляш Алимовна является почетным гражданином Талгарского района, заместителем председателя совета ветеранов района уважаемого Матана ата Бекбосынова. Все свободное время наша героиня отдает общественной работе и сцене.

Сцена, песни, объединяют людей, можно даже сказать, лечат, возвращая молодость и надежду. «Мы поддерживаем друг друга, отмечаем вместе дни рождения, памятные даты, праздники», - говорит Куляш Алимовна.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г.Талгар

Пленум отырысы

ҮШ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Осыдан кейін Ерболат Сапарұлы отырыстың күн тәртібіндегі екінші мәселе облыс көлемінде «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін құру жайына ауысты. Модератор айтқандай, бұл күндері қоғамда аналарға қатысты ұйымдар көп болып кеткендігі байқалады. Бір ауданда аналар кеңесі болса, екінші ауданда олардың орнын әжелер кеңесі басқан. Тағы бір ауданда аналар мәселесімен айналысатын басқа да ұйымдардың барлығы анықталды. Ал атқаратын жұмысы, міндеті біреу ғана. Әр ұйым әйелдер қауымының шешілмей жатқан проблемаларын ортаға салып, олардың шешілуіне шамалары келгенше ықпал жасауда. Әйелдер мүддесін қорғайтын мұндай ұйымдардың басым көпшілігі формальді түрде құрылғандығы, атқарылған жұмыстары тек қағаз жүзінде, осы бағытта мемлекеттен бөлінген қаражат негізінде нақты атқаруға тиісті жұмыстар ешқандай атқарылмағандығы тексеру барысында анықталғаны анық. Осындай келеңсіздіктер болып жатқандықтан осы бағытта бюджеттен бөлінетін қаржы қысқартылуда. Негізгі жағдайды түсінбегендер облыстық әкімдіктің алдына барып, өз наразылықтарын білдіруде. Оларға блогерлер де қолдау білдіріп, жағдайдың ушығуына әкеліп жатқаны жасырын емес.

Оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу де оңайға соқпай жатыр. «Ал олардың жұмыстарын реттейтін ассамблея жанындағы аналар кеңесі, әжелер кеңесі осы кезде қайда? Негізгі қоғамда аналар мүддесі бағытында жүргізіліп жатқан саясаттың мән-маңызын аналар қауымына осы ұйымдар өкілдері жүргізуі тиіс емес пе?!» деген заңды сауал туындап жатқаны да бар. Демек, осы жайлардан туындайтын дүние аналар ұйымдарында да нақты жұмыстардың жүргізіліп жатқаны байқалмағандықтан оларды бір арнаға бұрып, бастарын қосып, бір шаңырақ астына біріктіретін сайланбалы орган құру арқылы осы салаға да реформа керек сияқты. Бұл мәселе республика деңгейінде сөз болғаны анық.

Жақында Түркістан қаласында үлкен пленум болмақшы. Сол басқосуда әйелдердің қоғамдағы орны, тәрбие мәселесі тағы да көтеріледі деп күтілуде. Одан тысқары өз облысымызда осы бағыттағы жұмыстарды ретке келтіру қолға алынатын болады. Облыс көлемінде солардың басын қосатын «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін құру-осы мәселелерден туындаған дүние. Оның қазіргі таңда ережесі жасалуда. Ауылдарда, округтерде оның құрылымдары құрылуы керек.

Отырыстың модераторы Ерболат Сапарұлы осы мәселені тілге тиек етіп, президиум мүшелеріне жеткізді.

Пленум отырысының күн тәртібіндегі үшінші мәселе облыстық «Алатау ардагері» газетіне келер жылға жазылуға арналды. «Республика көлемінде бұқаралық ақпарат құралын ашқан Алматы облысы ардагерлер ұйымының іс-тәжірибесін тарату жөнінде әңгіме болғаны анық. Ол әрине осы бағытта басқаларға үлгі болып, жол көрсеткен біз үшін үлкен абырой».

Әңгімесін осылай бастаған облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов пленум мүшелерінің назарын келер жылғы баспасөзге жазылу мәселесіне қарай бұрды.

- Бұл орайда былтыр газетке жазылу барысында белсенділік танытқан Жамбыл, Іле, Ұйғыр, Қарасай мен Кеген аудандары және Қонаев қаласын ерекше атап өтуге болатын болса, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарында бұл науқанның баяу жүргенін де жасыра алмаймыз. Былтырғы жазылу көрсеткіші 6200 данаға барып тірелді. Он екі айға 3453-тей адам жазылса, алты айға жазылған 2700 оқырман болып тіркелді. Былтырғы жылғы жазылу науқанында қандай қиындықтар болды? Біріншіден, бұл жұмысты бірінші рет қолға алдық. Кейбір жерлерде ұйымдастыру мәселесі дұрыс болмады. Оны биыл жібермеуге тырысу керек. Екіншіден поштамен арада қатынас та өз мәнінде болмады. Жақында облыстық пошта Жетісу облысының поштасынан бөлінді. Облыстық пошта басшысының екі орынбасарымен жазылу барысы жөнінде сөйлесіп, бір мәмілеге келдік. Газетті тарату мәселесін поштаның міндетіне қалдырдық. Біз тек газетке жазылу процесіне қатысатын болдық. Жергілікті жерлерде газетке жаздырту мәселесімен айналысатын адамдардың тізімі болуы керек. Оларға жұмыс істейтін учаскелерін анықтап беру де қажет дүние. Аптаның белгілі бір күнінде жергілікті жерлерден газетке жазылу барысы туралы нақты ақпарат беріліп отырылуы тиіс.

Ерболат Сапарұлы газетке жазылу саяси науқан екеніне назар аударып, пленум мүшелерін осы істе белсенділік танытуларына шақырды.

Күн тәртібінде үш мәселені қараған пленум отырысы осымен өз жұмысын аяқтады.

Оқырман назарына!

ГАЗЕТКЕ МАКАЛА ЖІБЕРЕРДЕ...

Жасыратыны жоқ, облысымыздың әр аудандарындағы болып жатқан тірлікті газет бетінен көргісі келетін жұртшылық мақалаларын газет редакциясына жіберіп жатады. Бұл-дұрыс ниет. Алайда, технологияның дамыған кезі болған соң, әрі жұмысымыз компьютерге байланысты болып жатқандықтан оның да жіберу реті болатынын жекелеген мақала авторының есіне салғмыз келеді.

Бізге көп жағдайда мақала мәтінін де, оның фотосуретін де бір ворд деген бағдарламаға сыйғызып, жіберіп жатады. Бұл негізінен дұрыс емес. Біріншіден, компьютермен ақпараттарды жіберу тәртібіне сай келмесе, екіншіден вордпен берілген фотосуреттің сапасы анағұрлым түсіп кетеді де, түпкі нәтижеде газеттің шығу сапасына кері әсерін береді. Вордпен берілген фотосуреттер өзінің бастапқы табиғи форматын, параметрлерін сақтамай, не сорайып, не мыжырайып, қисық болып келеді. Ол суреттерді вордтан алып, өзінің бастапқы формасына ретке келтіру газет қызметкерлерінің жұмысына едәуір қиындықтар әкелетіні тағы бар.

Мақалаларды жіберудің дұрыс тәртібі қандай? Мүмкіндік болса суретті ворд деген бағдарламамен мүлдем жібермеу керек. Ол үшін не істеу керек?

Арнайы папка ашылуы керек. Сол папка ішіне вордпен

берілген мақала мәтіні болуы тиіс. Және сол папка ішіне вордпен берілген мақаладан бөлек өз алдына фотосуреттер де орналастырылуы қажет. Сонда папка ішінде екі бөлек екі дүние болады. Оның бірі вордпен терілген мақала болса, екіншісі-папкаға вордтан бөлек салынған фотосуреттер.

Келешекте газет сапасын жақсарту мақсатында вордпен берілген фотосуреттер газет редакциясына қабылданбайтынын ескертеміз.

Тағы бір айта кететін дүние, бізге жіберілген мақала міндетті түрде фотосуреттерімен келетіні анық. Алайда, соны жіберген мақала авторы газеттің көлемі шектеулі екенін білмей ме, басқа ма, әйтеуір бір мақала соңына поездын вагондары секілді тіркестіріп он фотосуреттер жіберетініне қайран қаласың. Газет фотоальбом болмағандықтан ол суреттердің барлығын газет бетіне сыйғызып орналастыру мүмкін емес. Сондықтан осы мақалаға аса керек ау деген екі-үш фотосурет жіберумен шектелген дұрыс. Газет бетіне ол суреттер сыймағандықтан газет қызметкерлері ол суреттерді қысқартуға мәжбүр болып жатады. Бір мақалаға ары кетсе екі-үш сурет қана керек екенін ескертеміз. Оған түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз.

«Алатау ардагері» газетінің редакциясы.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы,
Қонаев қаласы.

Кененің эңгімелелері

АБАЙ МЕН НОҒАЙБАЙ

Ноғайбай Ұлы жүз Дулат еліндегі Сырымбет деген атадан шыққан. Әкесі Дәулетбек, арғы атасы Малдыбай аты Жетісудағы қырғыз-қазаққа ұран болған. Ноғайбай орта бойлы, өткір көзді, алғыр сөзді шешен кісі болыпты. Ноғайбайсыз кеңес, дау-дамай бітпеген. Адамның қара тілді шешені, ақ иық қыраны атанған кісі екен. Айлалы, епті, салауат сесті, сегіз қырлы, бір сырлы болыпты. Егескенді илеп, қағысқанды қағып, айттықанды алып, аңдысқанды шалып, сыйласқанды сыйлап өтіпті. Ешкімді ол заманда бет қаратпаған, тапқыр, қырағы, сақ адам екен.

Ноғайбайдың екінші әйелі Ақмай Абайдың жеңгесі ме, келіні ме, әйтеуір бір жақыны болып келеді екен. Ері дүниеден ерте қайтқан Ақмай Алматыда тұратын апасының соңынан келеді. Апасының күйеуі Мерқасым Құнанбайдың туыстары, әрі Құнанбайдың жиені Әпсемет те Мерқасыммен қатарлас тұратын көрінеді. Бірде Абай Жетісуға келіп, Мерқасым мен Әпсеметтің үйіне түскен дейді. Сөзден сөз туып, Абай Ақмайдың жағдайын сұрайды. Мерқасым өздері араласып, құда-жегжат болып кеткен Ноғайбайды мақтайды:

ауылына қайтады. Ноғайбай қаладағы жолдас-жора, жежжаттарымен амандасып қайтқалы қалады.

Танертен Мерқасым Ноғайбайға ере келген Әселге барып, Абайдың келіп, үйінде жатқанын айтады. Әңгіменің нобайын түсінген Ноғайбай ең алдымен базардан бір ту бие сатып алдырады. Бұрыннан да Құнанбайдың дабысына қанық Ноғайбай Ақмай арқылы да Абайды, жалпы Тобықты елінің жағдайынан хабардар еді. Енді Абаймен дидарласуға бет қояды. Мерқасым мен Әпсемет Ноғайбайды Абай отырған үйге кіргізеді. Үйдегілер жапырласып амандасып

еріп жүрген Сарбас ақын дереу домбырасының құлағын бұрып-бұрып шырқап жібереді. Халық тыңдай қалады.

Арғы атаң Өскенбай мен Құнанбайды, Тобықты «Бірғызбайлап» ұрандайды. Қазаққа бірінші боп Әжі барған, Өз әкең есіне алып, бір құдайды. Меккеде тәңірге арнап үй салғызған, Туғызған кемеңгер қып бұл Абайды, Ноктаны көрген шақта жесіріңіз, Айналып, аққу қаздай шыға аламайды. Шалатұғын палуандай сөзің әрлі, Абайжан көңілің қалай бұлаңдайды? Бармаған шақырғанға зар болады Құрметпен барған қонақ ұялмайды. Отырған көпшілік «паәлі Сарекен тура айтты» десіп қалады. Абай да күліп Сарбасқа «Рахмет, барайын, халық шақырған жерден неге қалайын» деген екен.

Ноғайбай Отаубай бастаған жігіттеріне «кеге беріндер» дейді. Өзі қаладағы шаруалары біткен соң Абай, Әпсемет, Мерқасым және оның әйелін ертіп, Мерқасымның үш

келбетіне, киім киісі, жүріс-тұрысына қарап, Жетісу адамдарымен салыстырады. Абай да Әселдің бөлекше әйел екендігін байқап, танып, Ноғайбайға құдайдың лайықтап қосқанын біліп отырды.

Келесі күні Абайды «арғын апай» Ақмайға түсіреді. Одан да қырғыз-қазақтың түрлі әдет-ғұрпын, тамашасын көреді. Абай Ақмай мен Ноғайбайдың баласы Илиястың бетінен сүйеді. Қыздарын алдына отырғызып, еркелетеді. Қысқасы, Абайды Ноғайбайдың балалары, аға, інілері кезек-кезек таласып қонақ етеді. Сұлутөргің жайлауында Абай бір-екі жеті жатып, ас-тойларды көріп, елдің сана-салтымен танысады.

- Ноқа, жеріңіз де, еліңіз де тамаша. Байлық та, батырлық та, ақындық та халық арасында мол кең. Бірақ, жастар оқусыз екен. Байлық көзі оқу-білімде олай болса, балаларды оқыту керек, құнарлы жерге елді қоныстандыру керек. Оны орыс халқынан үйрену керек. Сіздерде үлгі аларлық мүмкіншілік көп көрінеді. Алматы мен Пішпек аралығында отырсыздар.

Түбінде баянды еңбек егін салған, Жасынан оқу оқып, білім алған. Би болған, болыс болған өнер емес, Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, - деген кезде Ноғайбай басын иіп, мақұлдапты.

Сонымен Абай еліне қайтуға рұқсат сұрайды. Арғын апай өзі де Алматыға шейін шығарып салмақ болады. Ноғайбай да қалаға жүрмек. Топтан таңдап торы жорғаны ерттеп, Абайға мінгізеді. Әсел бәйбіше бұлғын ішік жабады, екі жолдасына да шапан кигізеді. Қасқараудың жақсымын деп жүрген адамдары түгел Абайды Еркебайдың ауылына дейін шығарып салады. Жұлқынып тұрған арғымақтар қара жолды бұрқыратып Ноғайбай мен Абайды, Мерқасым мен Әпсеметті, Ақмай мен Әпсеметтің әйелін Алматыға ала жөнеледі. Қырғыз-қазақтың Абайды көргендері «шіркін-ай туған екен» десіп, таңдай қағып қала береді. Осы кездесудің ішінде болған менің ұстаз ағаларым: Еркебай Базарұлы, Сарбас Майкөтұлы, Сәрсөбай Білібайұлы, Шөжіке Оспанұлы, Төкен Байғұттыұлы, Сәміл Түлкібайұлы тағы бірқатары осылай әңгіме етуші еді.

Абай қалаға келген соң үш күннен кейін аттанбақ болады. Разы болғандай, Ноғайбай сыйына көңілі толғандай түрі болады. Тағы да сәлем-сауқаттар беріп Ноғайбай мен Ақмай бастаған топ жік-жапар болып жатыр. Қаладағы арғындар келіп, бәрі шығарып салады. Абай аттанарда Ноғайбайдың қолын алып тұрып:

- Алатау асқар бел екен, үйсін атты ел екен, етек-жеңі көп екен, алма, жеміс көп екен. Сұлтор құтты жер екен, елден-елдің кемі жоқ, Қасқараудың көңілі Тобықтыдай екен. Ерден ердің кемі жоқ, Ноғайбай да ер екен. Бақытты бопсыз Ақмайым, келген жерің құт екен. Артық деп те кетер ем, ел намысы дер екен. Қош, сау болғын ер Ноқа, кіре берсін берекен, - деп тақпақтай сөйлеп кетіпті.

- Рахмет Абайжан, - дейді сонда Ноғайбай шешіле сөйлеп, ел бағына туған ер екенсің, ақылдың дәрия көл екенсің. Көпке бірдей күн болып туған ұл екенсің. Бір ауылға болысатын кісі көрінбейсің, бүкіл ел қамын ойлайтын дана көрінесің. Орысша да, мұсылманша да білімің зор екен. Мен де Жетісудағы елге атым бар, азды-көпті хатым бар. Бірақ, оқымаған адаммын. Патшамен орыс тілінде еркін сөйлесе алмайтыным арман болды. Абайжан сөге жамандама, әкең Құнанбайға, еліңе сәлем айт, - деп шығарып салған екен.

Жазып алған
Төрткен КЕНЕНҚЫЗЫ.



- Жетісудағы елді жел диірмендей айналдырып тұрған ата-бабаларынан төрт Дулаттың алдыңғы қатарлы адамдары екенін айтып, бұл Жетісудағы қала, далаға, қырғыз-қазаққа қадірі зор, тек орысша білмейді, болмаса адамның қара тілді шешені. Ақмай да аман-есен. Бір ұл, бір қызы бар. Мынау апасы барып Сұлутөр жайлауында жылда бір-екі ай жатып келеді. Олар қалаға келсе біздікіне түспей кетпейді. Шіркін, Сұлутөр десе, дегендей, мөлдір бұлақ, көк торғын, салқын сазды, ар жағында қырғыздар қыз алысып, қыз берісіп араласып кеткен ел, деп отырғанда бір жігіт, Ноғайбай мен Шәбден батыр осы Алматыда жүр. Кеше губернатор кеңесінің алдынан көрдім. Ысқақбай үйіне қонаққа алып бара жатқан деді. Мерқасым: «Ұлыққа неге келгенін білдің бе?» - деп сұрайды. - Сырттан ұққаным, қырғыз Шолпанқұл деген Сібірге айдалатын болыпты. Пішпек уезінің бастығын ұрған екен. Соған Шәбден мен Ноғайбай екеуі «күнәсін кеш», - деп келіпті. «Губернатор Шолпанқұлдың ісін кешіріпті» дейді.

- Рахмет жігітім, көп әңгіме айттың - деп, бәрі дуылдасып қалады. Абай үндемей, сабырлы тыңдап отырады.

Ертеңінде Шәбден «отказ» қағазды алып,

жатады. Абай да орнынан тұрып Ноғайбаймен құшақ жайып сәлемдеседі. Ноғайбай Абайдан үлкен, Құнанбаймен қатар алпыстарға келіп қалған кезі екен. Есен-амандықтан кейін Ноғайбай Абайға бұрылып:

- Иә, Абай мырза, жол болсын, мынау Мерқасымнан мен сіздің осы үйде жатқаныңызды естіп, сәлемдесейін деп келдім. Алатау, Алматыға келген соң бізге қонақсыз. Қаладан сіз де, біз де қайтқанша, дәм-тұз тата тұрсын де, сойысқа бір ту бие алып келдім. Онан соң Абай шырағым, біздің ауылды көріп, мынау отырған Әсел бәйбішеден дәм татып, Ақмайды көріп қайтарсыз - депті. Абай:

- Рахмет, Ноқа. Дұрыс айттыңыз. Ақмай аталы жерден шыққан текті ару еді. Сіздей азаматқа қолы жетіпті. Жесіріміз жерін де, теңін де тауыпты. Ноқа, Ақмай туған жерін, өскен елін аңсап Арқаға барып қайтамын десе, шау-жайынан қақпаңыз деп, күліп қояды. Екеуінің аузын аңдып отырған көпшілік ду күліп, қошамет көрсетіп жатыр. Түрлі-түрлі ас әзірленіп, қымыз құйылып, салтанат, ықылас-пейілдерімен әңгімелесіп ұзақ отырысады. Абай тағы бір сөзінде:

- Ноқа ауылыңыз қашықтау екен, жесірімізді Алматыға келтіріңіз, көріп қайтайын деп еді, Ноғайбайдан бұрын оның қасында

пар арғымақ шеккен күймелі арбасымен Сұлутөрге жүріп кетеді. Олар осы күнгі қара жолмен күні-түні жүріп отырып таң ата Қордай бекетіне келгенде Ноғайбайдың балалары Белқожа мен Әлімқожа бастаған топ алдарынан шығып тұр екен. Бір бағлан кепені Еркебайдың үйіне сойғыздыпты, қымыз ала келіпті. Үш болыс ел Сырымбеттің Ноғайбайынан кейінгі ығай мен сығайбайлары Абаймен құшақтасып амандасады. Әсіресе, Ақмай Абаймен құшақтасып амандасады. Абай да көрісіп, жібек орамалымен көзін сүртті. Содан кейін Еркебайдың ақ отауына кіргізіп, сусындап, түстенеді.

Енді бұлар Қордайдың тасты таулы асуынан асуы керек. Сұлутөрге арба жүре алмайды. Алматыдан келген ат пен күймені Еркебайдың үйіне қалдырады да өздері бір-бір сәйгүлік аттарға мініп, Қордайды өрлеп, жайлауға аттанады. Ноғайбайдың балалары Қалмырза жырышы мен тағы бір сырнайшыны ерте келген екен. Сұлутөрге бет алған қырық-елу адам Абай мен Ноғайбайды алдына салып, сырнайлатып, кернейлетіп, сән-салтанатымен келеді. Жайлаудағы қалың ел таңырқап қарап тұрады.

Абайды әуелі Әселдікіне түсіреді. Тай сойылып, қымыз құйылады. Әсел де Абайды зор ілтипатпен құрметтейді. Әсел ару Абай

Жетістікке жетудің жолы

Алпыс алтыдағы марафоншы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы «Белсенді ұзақ өмір орталығы» КММ-нің қызмет алушысы Мамбетқаримова Сауле Сұлтанбекқызы 1958 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракөмер ауылында дүниеге келген. Түрген ауылдық округі әкімшілігінде 25 жыл бас маман қызметін атқарған. 58 жасында зейнетке шығып, денсаулығына, спортқа көңіл бөле бастаған апайымыз, 63 жасынан бастап жүруді, одан күнделікті жүгіруді қолға алған. Белсенді ұзақ өмір орталығында 2023 жылдан бастап акваэробика, цигун, емдік дене шынықтыру және йога қызмет түрлеріне қатысып жүр.

Сауле Сұлтанбекқызы жетістікке жетудің ерте-кеші жоқтығын 66 жасында дәлелдеп берді. Алматы, Шым-

кент, Түркістан, Талғар қалаларында жүгіруден өткен жарыстарда 2 орын, Семей қаласындағы алпыстан асқандар арасында өткен жарыстан 1 орын, 2024 жылы 11 тамызда Талдықорғанда жүгіру марафонынан өткен жарыста 2 орынды иеленді. 16 қыркүйек күні алпыстан асқандар арасында Шымкентте өткен он шақырымдық қашықтықта жүгіруден жүлделі 2-орын алып, марапатталды.

- Негізгі мақсатым: қанша жасқа толсаң да спортпен шұғылдануға кеш емес екенін жастарға көрсету. Зейнеткерлерге арналған осындай орталықтардың ашылып жатқанына алғысымды білдіремін, өзіммен қатарлас жандарды осындай тегін, әрі уақыттарын тиімді, пайдалы өткізуге, спортпен айналысуға шақырамын» - дейді марафоншы.

Назира ҚЫДЫРҚОЖАЕВА,
«Белсенді ұзақ өмір орталығы» КММ
директорының орынбасары.



Қазанама



ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ
ЖАДЫМЫЗДА

«Агроөнеркәсіп кешені және мемлекеттік мекемелер қызметкерлері Алматы облыстық және қалалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ардақты азамат Тастан Токсейітұлы өмірден өтті.

Тастан Токсейітұлы 1939 жылдың 16 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауылында дүниеге келген. 1962 жылы Қазақтың ауылшаруашылығы институтын, 1979 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1964 жылы Шығыс Қазақстан облысы «Қызыл Алтай» ұжымшарында механик болып бастаған. 1965-1969 жылдары Алматы облысының Іле, Кеген аудандарында аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бас инженері, 1969-1973 жылдары Іле аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, 1973-1976 жылдары Еңбекшіқазақ аудандық атқару комитетінің төрағасы, 1973-1980 жылдары Күрті аудандық партия комитетінің, 1980-1981 жылдары Нарынқол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1981-1984 жылдары Алматы облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1984-1986 жылдары Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1986-1989 жылдары Алматы облыстық агроөнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары, 1989-1992 жылдары Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1993-2000 жылдары «Алтын алма», «Астана», «Нар», «Алтын диірмен» жекеменшік мекемелерінде директор, атқарушы директор, директордың кеңесшісі, вице-президент қызметтерін атқарған. 2000-2001 жылдары «Сауда-сатып алу» жабық акционерлі компаниясы бас директорының орынбасары, 2001-2003 жылдары «Алматы темір» акционерлік компаниясының вице-президенті болды, 2003 жылдан бастап өмірінің соңына дейін «Агроөнеркәсіп кешені және мемлекеттік мекемелер қызметкерлері Алматы облыстық және қалалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болды.

Елімізге сіңірген өлшеусіз еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Алматы облысының, Іле, Еңбекшіқазақ, Райымбек аудандарының Құрметті азаматы болды.

Алматы облысының өсіп-өркендеп, қарыштап дамуына орасан зор үлес қосқан аяулы азамат Тастан Токсейітұлының жарқын бейнесі мәңгі жадымызда. Жатқан жері жайлы болып, нұры пейіште шалқысын.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымы.

Қазақстанның киелі жері

НАЙЗАТАПҚАН:
ЭРКІМ АУРУЫНА ШИПА ТАПҚАН

Найзатапқан киелі бұлағы жайында Нөткен жылы «Керімағаш» шипа жайында демалғанда дастархандас болған Үміт атты әйелден естіп, сол жерді көруге деген қызығушылығымыз артқан болатын. Жаз басталғалы Найзатапқанға жиналды, бір ыңғайы келмей қойды. Тек шілде айының соңғы күндері сәті түсіп, жолға шықтық. Бастапқы ойымыз Алтынемел асуы арқылы бару еді. Панфилов ауданының Қоңырөлең ауылында тұратын жиен ініміз Серікке хабарласып, жол жайын сұрағанымызда: - Алтынемел арқылы бармаңыздар, жолы өте нашар. Қоңырөлең арқылы бару ыңғайлы 50 шақырымдай қашық болса да жолы жақсы, - деп ақыл айтты. Жаркент - Талдықорған бағытындағы тас жолынан Ынталы ауылына қарай бұрылып, одан сол елді мекенге 2 шақырымдай жетпей солға бұрылды. Тастақты келген қара жолмен тағы да 30 шақырымдай жол жүріп, екі жағын да құржыр жартасты тау қоршаған, Жоңғар Алатауының күңгейіндегі ойпатқа ұласар жерде шыңдары аспанға шаншыла көкке өрлеген Найзатапқан шатқалына жеттік. Екі жақтағы жартастардан тұратын жалаңаш таудың ортасы жоғарыдан төменге қарай жап-жасыл болып жатыр. Сол жағына киіз үйлер мен көптеген шатырлар тігілген. Құды бір шағын ауыл сияқты. Біз ештеңеге қарамай бірден жоғарғы жаққа келіп, көлігімізді тоқтатып, шатырымызды тігуге әрекет жасадық. Бізден төмен тұрған шатырдан ер адам шығып, өзін Мәлік деп таныстырып, жөн сұрасып болған соң: - бұл жерге шатыр тігуге болмайды. Мына шиден әрі қарай бірнеше адам жерленген екен. Біз алғашқы күні білмей шатыр тігіп едік, түнде ақ сақалды қария аян беріп, басқа жерге көшу керек екенін айтты.

жатқан тасқа кеудемізді бастық. Одан адамның аяғының ізі бар тасқа табанымызды тигізіп. Жоғарырақ орналасқан жалпақ таста таспихтың бедері бар екен, оны сипалап, сол жағымызға бұрылсақ, жалпақ келген үлкен таста сол қолдың бес саусағының, алақанның, мұрынның және оң қолдың жұдырығының ізі бар екен. Ізге алақанымызды, мұрнымызды, жұдырығымызды тигізіп, білген дұғаларымызды айттып, бастауға қарай көтеріле бердік. Бастауға кіре берісте құбырдан су атқылап ағып жатыр екен. Сол суға шайынып алып, қан қысымы, тері, көз, тамақ, құлақ, әйелдер жынысы, өт жолы, іш қату аурулары бастауларынан су ішіп, алдымен аталық, содан соң аналық деп аталатын тоспа суға шомылдық. Содан соң бір бастаудың жанынан балшық алып, үстімізге жақтық. Ол табиғи иод екен. Ең соңында аяқ қол, құяң, тұз байлану ауруларына арналған батпақтарға түсіп ем алдық. Әйелдер бөлмесіндегі генекологиялық төсекке ұқсас тас бар екен. Сол тастың үстіне жатсаң кәдімгідей дененді қыздырады. Ең соңында бастапқыдағы атқылап жатқан суға жақсылап шайынып алып, сәл төменірек орналасқан талдың түбіндегі бастаудан асқазан мен бауырға арналған судан іштік. Сол бастаудан қатарлас орналасқан оң жақтағы төбешікке әлдекімдер көрпе-жастық қойып кетіпті. Оның сырын сұрағанымызда Ажар бұл жерге бала көтере алмай жүрген ерлі-зайыптылар түнеп, Аллаға сыйынып, сәби сұрайды, - деп жауап берді. Барлық емді алып болған соң келген жолымызбен кері қайттық. Айтпақшы, мен соңында қалған қызыма айғайлап, қасыма шықырып едім, Ажар «ойбай айғайламаңыз», - деді. Сол ақ, екен аяқ астынан жел тұрды. Біз түкке түсінбедік. Жаңағы Ажар маған ренжіп:

жер қашықтықта тастан жасалған немесе өзінен өзі солай біткен қазан-ошақ, ағаш үй, ер тоқым, қару кезенген адам бейнесі, шөккен түйе, екі баласын ойнатып отырған маймыл, тағы басқа көптеген формадағы тастар бар екен. Оған біз ем алып, шаршаған соң бара алмадық. Біз барлық емімізді алып, демалып отырсақ, оншақты адамға арналған үстелге бір әйел дастархан жайып, құдайы тамаққа шақырды. Оның мәнісі былай екен: осыдан екі ай бұрын шамасында жаңағы Маржан деген әйел көп жылдан бері бала көтере алмай жүрген ұлы мен келінін алып келіп, төбенің басындағы киелі тастың үстіне үш күн түнетіпті. Сол жерге шырақ жағып, дұға жасап, үш күн қонып шыққан соң бір айдан кейін келіні бала көтеріпті. Қуанышы қойнына сыймаған Маржан бүгін тамағын, жеті шелпегін пісіріп, әдейі Сарыөзектен келіпті. Сол күні тек Маржан ғана емес, тағы да екі-үш отбасы құрбандық шалып, арасанның басындағыларға құдайы тамақ берді. Мұның өзі ем алушылардың қалыптасқан дәстүріне айналғандай.

Ем алушылардың арасында Қазақстанның әр түпкірінен келген адамдар бар екен. Соның бірі Ақтөбеден келген Жарас есімді азамат аллергиядан емделмеген жері қалмағандықтан жанына шипа іздеп осында келгенін айтты. Жатқанына бес күн болыпты. Найзатапқанға жақын орналасқан Қоңырөлең деген ауылға барып, қажетті азық-түлігін қамдап алып, тағы төрт күн жатуға шешім қабылдапты. Үш күннен соң ұйқысы тынышталып, денесінің қышығаны бұрынғысынан едәуір басылыпты. Өзінің тоғыз күнде толық емделіп шығатындығына нық сенімді. Қызылордадан келген Луиза есімді әйел



Сіздер қазірше біздің шатырдың артында орын бар, сол жерге жайғасыңыздар. Ертең біраз адам қайтады. Дұрыс орын тауып аласыздар, - деді. Мәліктің жұбайымын деп өзін таныстырған Ажар есімді әйел бізге қарап: - шатыр тігілгенше сіздер бастауға барып су ішіп, ем қабылдап алыңыздар. Бір сағаттан соң кеш болады. Жүріңіздер мен ертіп барайын, білгенімді басқаларға айту-менің парызым, - деп жол бастады. Бастауға барар жолға үлкен тақта орнатылып, ол жерге ер адамдардың және әйелдердің қай уақытта ем қабылдайтындығы жазылған кесте ілінді. Бастауға барар жолдың оң жағындағы жалпақ тасқа садақамызды тастап, жаратушы иемізге сыйынып, жоғары қарай көтерілдік. Сәл жүрген соң алдымыздан дәу-дәу тастары бар жалғыз аяқ жол шықты. Жол бастап келе жатқан Ажар «мына жерге арқанызды төсеніз, мына тасты құшақтаңыздар» - деп, тастарды көрсетті. Шынында да сол жақтағы адамның жауырыны тәрізді жерге шаншылған жалпақ тасқа арқамызды тигізіп, біраз тұрдық. Әлде бір жылылықты сезгендейміз. Одан оң жаққа төменірек

- Сіз айғайлап жел шақырдыңыз. Дұғанызды айтып жаратушы иемізден кешірім сұраныңыз, - деді. Білген амалымызды жасап, кешірім сұрадық. Сенер, сенбесім ді білмей қалдым. 4-5 минуттан соң жаңағы жел сап басылды. Бұғын не дейсіз, құдайдың күдіреті деген осы шығар. Артынан сұрасақ, бұл жерде айғайлауға, қатты ұрсып сөйлеуге, дөрекі сөз айтуға болмайды екен. Келесі күні таңертеңгі асымызды ішіп алып, сағат 10-нан бастап кешегі жолмен жүріп отырып, барлық емді қабылдадық. Барлық емді рет-ретімен алу үшін шамамен бір жарым екі сағаттай уақыт кетеді екен. Содан соң Найзатапқан арасанының сол жақ беткейінің етегіне орналасқан жүрек, бас ауруы бастауларына бардық. Мұнда сүлігі бар балшық бар екен, оған түсуге жүрекініп, кері қайттық. Түскі астан соң арасанның сол жағындағы төменгі беткей жақта тері, аллергия ауруларына арналған балшық бар екен, қасымдағы адамдар соған барып ем алды. Мұнда да шипажайдағы сияқты әр емді алудың өз уақыты бар. Ем алушы адамдардың айтуынша арасаннан біраз

қаншама жыл қан қысымы көтерілгеннен басы ауырып қиналыпты. Өткен жылы келіп, осында үш күн емделіп кетіпті. Содан бері жағдайы біршама дұрысталапты. Үш жыл қатарынан ем қабылдауға ниеттеніп, биыл екінші рет жеті күнге келіпті. Ал, негізінен алғанда Жаркенттен, Қоғалыдан, Сарыөзектен, Алматыдан келген адамдар көп екен. Біреулер біз сияқты алғаш рет келсе, қатарынан екі жыл, үш жыл келген адамдар кездеседі. Барлығы да осы жерден ем алғандарына дән риза. Біз болған үш күннің ішінде қаншама адамдар келіп, шатырларын тігіп жатты.

Үшінші күні де тиісті емдерімізді қабылдап, заттарымызды жинастырып, үйге қайту үшін жолға шықтық. Кетер кезде осындағы адамдардың айтуы бойынша төменге дейін жаяу барып, төбедегі бастауларға басымызды иіп, алғысымызды айтып, денімізге саулық, отбасымызға амандық, жанымызға шипа тілеп, көлікке отырдық. Найзатапқан - әркім өз ауруына шипа тапқан қасиетті жер. Жаратушы иеміз бізге де шипасын берсін!

Роза АЙДАРБЕКОВА.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1668
Индексі – 65472.